ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 26 қаңтар №7119-23-00-2/15795 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ғ.Жақсыбаев,

оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
«Астана-Энергия» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«Master Kilem» атты жеке кәсіпкер Мамадәлі Жубайұлы Жубай,
«Маштаков Ю.Г.» атты жеке кәсіпкер Юрий Геннадьевич Маштаков,
«Олжа» атты жеке кәсіпкер Алия Рахмановна Ахметова;

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

2023 жылғы 03 қазанда «Астана-Энергия» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – АҚ) мен «Master Kilem» атты жеке кәсіпкер Мамадәлі Жубайұлы Жубай (бұдан әрі – ЖК-1) арасында 2023 жылғы 31 желтоқсанына дейін қолданылу мерзімі бар №1277/23-2 А-Э мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - шарт) жасалған.

Шарттың талаптарына сәйкес өнім беруші ретінде 2023 жылдың 26 қарашасына дейін талап қоюшыға бағасы 47 888 теңге тауар – 1 дана электронды секунд өлшеуішті жеткізуге, ал АҚ тапсырыс беруші ретінде тауарды қабылдап алуға және ол үшін төлем жүргізуге (шарттың тармақтары, шартқа қосымшалар) міндеттенген.

Бұл ретте өнім беруші белгіленген мерзімі аяқталған күніне дейін техникалық сипаттамаға сәйкес тауар жеткізбеген.

2023 жылғы 23 қазанда АҚ мен «Маштаков Ю.Г.» атты жеке кәсіпкер Юрий Геннадьевич Маштаков (бұдан әрі – ЖК-2) арасында 2023 жылғы 31

Документ подписан: Жақсыбаев А. Г., 26.01.2024
Дата вступления в законную силу: 04.03.2024, судья Жақсыбаев А. Г., 06.03.2024
7119-23-3-1/15774

желтоқсанына дейін қолданылу мерзімі бар №1387/23-2 А-Э мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - шарт) жасалған.

Шарттың талаптарына сәйкес өнім беруші ретінде 2023 жылдың 23 қарашасына дейін талап қоюшыға жалпы сомасы 201 309 теңге тауар – 10 дана релелерді жеткізуге, ал АҚ тапсырыс беруші ретінде тауарды қабылдап алуға және ол үшін төлем жүргізуге (шарттың тармақтары, шартқа қосымшалар) міндеттенген.

Бұл ретте өнім беруші белгіленген мерзімі аяқталған күніне дейін техникалық сипаттамаға сәйкес тауар жеткізбеген.

2023 жылғы 02 қазанда АҚ мен «Олжа» атты жеке кәсіпкер Алия Рахмановна Ахметова (бұдан әрі – ЖК-3) арасында 2023 жылғы 31 желтоқсанына дейін қолданылу мерзімі бар №1266/23-2 А-Э мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - шарт) жасалған.

Шарттың талаптарына сәйкес өнім беруші ретінде 2023 жылдың 27 қарашасына дейін талап қоюшыға жалпы сомасы 130 368 теңге тауар – 03 дана ұяшықтың терелерін жеткізуге, ал АҚ тапсырыс беруші ретінде тауарды қабылдап алуға және ол үшін төлем жүргізуге (шарттың тармақтары, шартқа қосымшалар) міндеттенген.

Бұл ретте өнім беруші белгіленген мерзімі аяқталған күніне дейін техникалық сипаттамаға сәйкес тауар жеткізбеген.

Осыған байланысты, талапкер соттан жауапкерлерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары деп тануды сұрады.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі–Заң) 12-бабы 4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

2023 жылғы 03 қазанда РМК және ЖК-1 арасында шарт жасалған.

Шарттардың 2 қосымшасына, яғни техникалық ерекшелікке сай тауар жеткізу мерзімі 2023 жылдың 26 қараша.

2023 жылғы 23 қазанда РМК және ЖК-2 арасында шарт жасалған.

Шарттардың 2 қосымшасына, яғни техникалық ерекшелікке сай тауар жеткізу мерзімі 2023 жылдың 23 қараша.

2023 жылғы 23 қазанда РМК және ЖК-3 арасында шарт жасалған.

Документ подписан: Жаксыбаев А. Г., 26.01.2024
Дата вступления в законную силу: 04.03.2024, судья Жаксыбаев А. Г., 06.03.2024
7119-23-3-1/15774

Шарттардың 2 қосымшасына, яғни техникалық ерекшелікке сай тауар жеткізу мерзімі 2023 жылдың 27 қараша.

Талап арызда өнім берушілернің шарттың талаптарын орындамағаны туралы көрсетілген, АПК-нің 267-3 бабының 6-тармағына сәйкес өткізілген жеке процессуалдык әрекеттерде жауапкер өз пайдасына тиісті дәлелдемелерді ұсынбаған.

Осыған орай, қазіргі уақытта талап қоюшы ЖК-1 және ЖК-3 араларындағы шарттар бұзылған, ЖК-2 қатысты шарт қазіргі уақытта бұзылуда.

Аталған құқықтық жағдайды шешу барысында сот бірінші кезекте шарттың елеулі ережелерін реттейтін Заңның нормаларын басшылыққа алады.

Сот іске тіркелген құжаттардан жауапкерлер ЖК-1, ЖК-2 мен ЖК-3 шарттардың талаптарын бұзған.

Сонымен қатар, тапсырыс беруші Заңда көрсетілген мерзімдерде сотқа әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюға міндетті.

Аталған істі қарау барысында өнім берушілерінің шарттарды орындамағанын ескере отырып, сот ЖК-1, ЖК-2 және ЖК-3 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

Сот шығындары АПК-нің 117-бабында көрсетілгендей талап арыздың қанағаттандырылған бөлігіне сай өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Астана-Энергия» акционерлік қоғамының жауапкерлер «Master Kilem» атты жеке кәсіпкер Мамадәлі Жубайұлы Жубай, «Маштаков Ю.Г.» атты жеке кәсіпкер Юрий Геннадьевич Маштаков пен «Олжа» атты жеке кәсіпкер Алия Рахмановна Ахметоваға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қою арызы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Master Kilem» атты жеке кәсіпкер Мамадәлі Жубайұлы Жубай мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Master Kilem» атты жеке кәсіпкер Мамадәлі Жубайұлы Жубайдан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Маштаков Ю.Г.» атты жеке кәсіпкер Юрий Геннадьевич Маштаков мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Маштаков Ю.Г.» атты жеке кәсіпкер Юрий Геннадьевич Маштаковтан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Олжа» атты жеке кәсіпкер Алия Рахмановна Ахметова мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Документ подписан: Жаксыбаев А. Г., 26.01.2024
Дата вступления в законную силу: 04.03.2024, судья Жаксыбаев А. Г., 06.03.2024
7119-23-3-1/15774

Жауапкер «Олжа» атты жеке кәсіпкер Алия Рахмановна Ахметовадан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья А.Ғ.Жақсыбаев

Документ подписан: Жаксыбаев А. Г., 26.01.2024

Дата вступления в законную силу: 04.03.2024, судья Жаксыбаев А. Г., 06.03.2024

7119-23-3-1/15774